



Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобаларды іріктеу ережесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 қыркүйек N 1384.

"Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды іске асыру

туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 қарашадағы N 1162

P981162_

қаулысына сәйкес несиелендірілетін инвестициялық жобаларды іріктеуді тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобаларды іріктеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 12 қыркүйектегі
N 1394 қаулысына
қосымша

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары
шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобаларды
іріктеу ережесі

1. "Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды іске асыру туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 қарашадағы N 1162 қаулысына сәйкес осы Ереже отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобаларды іріктеу

тәртібі мен оларға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде өндірісті ұйымдастыру мен дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларға мынадай салаларда басымдықпен несиелендіріледі:

- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу;
- тоқыма және тігін өнеркәсібі;
- былғары өндірісі, былғарыдан жасалған бұйымдар және аяқ киім өндірісі;
- ағаш және ағаштан жасалған бұйымдар өндірісі;
- жиһаз өндірісі;
- қағаз және картон өндірісі;
- химия өнеркәсібі;
- резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі;
- металл емес минералдық өнімдер өндірісі;
- құрылыс материалдары өндірісі;
- машиналар және жабдықтар өндірісі;
- электрлік және электрондық жабдықтар өндірісі;
- көлік жабдықтары өндірісі;
- фармацевтика және медицина өнеркәсібі.

Инвестициялық жобаларды несиелендіру жарғылық қорының кемінде 51 пайызы қазақстандық заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын кәсіпорындарда:

1) жобаның импортты алмастыруға немесе экспортқа бағдарлануы;

2) рынок сыйымдылығы және өндіріске ұсынылып отырған өнімнің ішкі және сыртқы рыноктарда толық қажеттілігіне дәйекті негіздемелердің болуы;

3) жаңадан құрылатын немесе қалпына келтірілетін жұмыс орындарының саны;

4) жобаның Қазақстан немесе оның аймағы үшін әлеуметтік мәні;

5) жобаның бюджеттік тиімділігі өлшемдері ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.21. N 935

қаулысымен. P020935_

3. Инвестициялық жобалар екінші деңгейдегі банктерден және/немесе ықтимал заем

алушылардан Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және "Қазақстан Эксимбанк" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Эксимбанк) қарауға ұсынылады.

4. Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Эксимбанкке инвестициялық жобалар бойынша олардың салалық даму бағдарламаларына сәйкестігі мәнінде қорытынды береді, жобалардың іріктеу өлшемдеріне сәйкестігі дәрежесін бағалауды жүргізеді.

5. Жобаға кешенді сараптама жүргізуді Эксимбанк пен екінші деңгейдегі банктер жүзеге асырады. Жобаларды екінші деңгейдегі банктер арқылы несиелендіру туралы шешім қабылдау кезінде "Қазақстан Эксимбанк" ЖАҚ осы банктердің қаржылық жағдайы туралы Ұлттық Банктің ақпаратын ескереді.

6. Жүргізілген кешендік банктік сараптамалардың қорытындылары

Экономика министрлігіне келісуге жіберіледі. Келісу нәтижелері бойынша жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылданады.

7. Рентабельділігі төмен жекелеген әлеуметтік мәні бар инвестициялық жобаларды (немесе өтелу мерзімі он жылдан астам) қаржыландыру үшін несиелендірудің ерекше, оның ішінде жеңілдікті жағдайлары және несиенің қайтарылу сызбасы белгіленген Үкіметтің қаулысы қабылданады.

8. "Қазақстан Эксимбанк" ЖАҚ әрбір жобаның іске асырылу барысын бақылауды жүзеге асырады және тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ақпарат жіберіп отырады.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.